Автор: Нұркебаева Қарлығаш Андрейқызы
Пән: Дүниетану. Тарих компоненті
Сынып: 2-сынып
Бөлім: Дені саудың - жаны сау!
Тақырып: Дұрыс тамақтана біл

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.1.4.1.Түрлі дереккөздер негізінде пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықты анықтау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Тағамның атауларын біледі.Пайдалы ,зиянды тағамдарды ажыратады. Оқушылардың басым бөлігі: Тағамның құрамындағы дәрумендер мен минералды заттарды біледі.Адамның өсуі және дамуы үшін керек қажет¬тіліктерді анықтайды; Кейбір оқушылар: Дұрыс тамақтану ережесін құрады.Өмірде қолдана алады
Тілдік мақсаттар:	Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: Тірек сөздерді сабақ барысында қайталап айту. Денсаулық –здоровья- Тамақ –еда-fod
Күтілетін нәтиже:	Адам үшін денсаулықтың маңызын түсінеді.Зиянды және пайдалы тағамдарды ажыратады.Дұрыс тамақтану ережесін құрады,қолданады
Бағалау критерийлері:	1.дұрыс тамақтану ережесімен танысады; 2.Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады; 3. Пайдалы тағамдарды ажырата алады; 4.Зиянды тағамдарды ажырата алады;
Құндылықтарды дарыту:	Денсаулықты күтудің маңызды екенін,салауатты өмір салтын ұстануды түсінеді.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	слайдтар,бейнежазба
Пәнаралық байланыс:	жаратылыстану,математика,ағылшын тілі,орыс тілі
Бастапқы білім:	Мектептегі өмір

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	Ұйымдастыру бөлімі.Психологиялық тренинг Денсаулық ол- күлуің Көңіл-күйің жадырай Денсаулық ол- жүруің Ешбір жерің ауырмай.	
Сабақтың ортасы	Ребус шешу (Денсаулық-зор байлық) Деніміз сау болу үшін не істеуіміз қажет? Оқушылардың ойларын тыңдау. Сонымен балалар сабақтың мазмұны не туралы болуы мүмкін? Бүгінгі сабақ не жайында болмақшы? 1тапсырма: ТЖ «Әңгімеле» 1-топ:Жеміс-жидектер 2-топ:Дәнді дақылдар 3-топ:Ет өнімдері 4-топ:Сүт өнімдері Әр топ постер қорғайды Дескриптор: 1.Тағам түрлерін ажыратады 2. Тамақтанудың денсаулық үшін маңызын түсінеді; 3. Бір-біріне түсіндіреді 2-тапсырма Видеокөрсетілім Дескриптор: 1. Адам ағзасына пайдалы және зиянды тағам түрлерімен танысады; 2;Ажырата алады 3-тапсырма Зерттеушілік тапсырма 1-топ 2-топ 3-топ 4-топ Дұрыс тамақтану ережесін құру 1.Күніне 3-4 рет тамақтану 2.Жеміс-жидектерді ,көкөністерді көбірек пайдалану 3.Асты отырып ,асықпай шайнап жеу Дескриптор: -Түскі ас мәзірінде қандай тағамдар ішу керектігін білдік; -Дұрыс тамақтану ережесін құрастыра білеміз; - Пайдалы және зиянды тағамдарды таңдап ажырата білдік; -тағады дұрыс таңдай алады	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	Кері байланыс: «житондар» 1.Кішкене ақ шыныда екі түрлі су. (жұмыртқа) 2.Үсті тас, асты тас, Ортасында піскен ас. (таба нан) 3. Өзі аппақ қардай, Шайға салсаң балдай. (қант) 4.Әрі сусын, әрі дәрі , Емге ішеді жас пен кәрі. Малдың сүті ,елдің құты, Деп бағалар жұрттың бәрі .(қымыз) 5.Шиге жайып кептірген, Өзі қышқыл, түсі ақ , Сорсаң дәмді, түсі ақ , Жаңғақтай-ақ домалақ. «құрт! 6.Аппақ қардай, Дәмі балдай .балмұздақ 7. Судан шығады, Судан қорқады.(тұз) 8.Бір сусын бар жұртымда, Ішсең – уыз ұртыңда. Бәрі содан шығады: Ірімшік, май, құртың да. (сүт) 9.Бір шайнаймын, Бір шайнағанды Мың шайнаймын.(сағыз) 10.Үстіне тігіп көк шатыр, Астында қызғылт тау жатыр. /қызылша/ Дескриптор: 1.Жұмбақтың жауабын табады 2. Әр тағамда болатын дәрумендерді атайды; 3.Пайдалы,зиянды екенін ажыратады Кері байланыс: «житондар»	
Рефлексия	Кері байланыс: «Бағалау пирамидасы»	